

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
СОЗАҚ АУДАНДЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«Ә.МОЛДАҒҰЛОВА АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

БҰЙРЫҚ

01 қыркүйек 2023 жыл № 159

Шолақорған ауылы

**Оқушыларға берілетін
ыстық тамақ туралы**

Мектепшілік қамқоршылық кеңесінің 2023 жылғы 09 тамыз күнгі № 4 хаттамасын басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Ә.Молдағұлова атындағы жалпы білім беретін мектебінің қамқоршылық кеңесінің сараптама жұмыстары бойынша анықталған төмендегі әлеуметтік қорғалмаған 1-4 сынып оқушылары және жағдайы төмен аз қамтамасыз етілген, жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, көп балалы отбасы балалары 250 оқушы, 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап міндетті оқу қорының есебінен ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін. Қосымша 1 парақта (тізім қоса тігілді).

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығының 20 тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 64 қаулысы негізінде және Түркістан облысының білім басқармасының басшысы Ғ.Джумашев бекіткен бірыңғай ас мәзірі басшылыққа алынсын.

3.Жоғарыда көрсетілген оқушыларды бірмезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз ету аспазшы Б.Оспановаға(келісім бойынша) тапсырылсын.

4.Оқушылардың тамағының сапалы және санитарлық гигиналық талаптарға сай болуын қадағалау мектеп медбикесі Н.Қарабаеваға(келісімі бойынша),білім алушыларды қауіпсіз және сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында мектеп асханасында ауыз су режимін ұйымдастыру әлеуметтік педагог Ж.Әдеханға міндеттелсін.

5.Міндетті оқу қоры есебінен әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларына берілетін ыстық тамаққа арналған ас мәзіріндегі азық - түліктердің сапасын, жарамдылық мерзімін, өнімдердің жарамдылығын кәсіпкерден тексеріп алу аспазшы Б.Оспанова (келісімі бойынша) медбике

Н.Қарабаеваға(келісімі бойынша), әлеуметтік педагог Ж.Әдеханға тапсырылсын.

6.2023 -2024 оқу жылы бойынша ыстық тамақтың сапасына тоқсан сайын мониторинг жүргізу комиссия құрамына тапсырылсын.

7. Оқушылардың I,II ауысым кезінде толық және дұрыс тамақтануын қадағалау,сынып жетекшілерден кезекшілік ұйымдастыру мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Серикбаеваға,әлеуметтік педагог Ж.Әдеханға және сынып жетекшілеріне міндеттелсін.

8.Бұйрықтың орындалуына бақылау, басшылық жасау директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Серикбаеваға жүктелсін.

Мектеп директорының м.у.а



К.Жауынбай

Бұйрықпен таныстым

А.Серикбаева

Ж.Әдехан

Б.Оспанова

Н.Қарабаева